

Р. Ильясов, 3-курс

*Ғылыми жетекші — Е. Е. Қайнар, қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры
(Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы)*

ИСЛАМ ТЕРРОРИЗМІНІҢ ӘЛЕМГЕ ЕНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (ИШИМ)

Жаңа ғасырдың басы лаңкестіктің жаханда өршуімен сипат алады. Израиль, Мәскеу, Беслан, Шешенстандағы және әлемнің басқа бөлігіндегі қайғылы оқиғалардың барлығы ұқсас болып есептеледі. Қоғам үшін ауқымды мәселенің біріне адам қолымен жасалған терроризм құбылысы жатады, бұл күндері онымен күресу бүкіл әлемдік қауымдастықтың адында тұрған ең негізгі мақсаттардың бірі болып отыр. Дәл осылайша терроризммен күрес жағдайына, халықаралық терроризммен діни экстремизм тарапынан сөз еткенде бірнеше рет Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев алаңдатушылық туғызған болатын.

ИШИМ — Ирак және Шам Ислам мемлекеті. Ирак және Сирия мемлекеттерінің солтүстігінде азаматтық соғыс лаңкестік әрекеттерін жасайтын халықаралық террористтік діни ұйым. Өздерін мемлекет атаған ұйым қазіргі кезде 90 000 км квадраттан астам жер аумағын қамтып, 10 млн. астам халыққа қысым жасап, ұстап отыр. Бұл ұйым қазіргі таңда көптеген халықаралық қылмыстар, лаңкестік іс-әрекеттер жасау үстінде және сол үшін бұл ұйым әлем тарапынан айыпталып отыр. Басшысы өзін халиф атаған Абу Бакр Аль-Багдади. Жаулап алған ірі қалалары: Мосул, Эр-рамади, Дайр, Эз-заур, Сирт, Пальмира. Ал негізгі астанасы және орталығы есептелетін — Эр-ракка қаласы, яғни Сирияда орналасқан. Жалпы ИШИМ әлемдік халифат ретінде өзін 2014 жылдың 29 маусымынан көрсетіп келеді. ИШИМ қазіргі таңда Сирия, Ирак, Ливан, Ауғанстан, Алжир, Пәкістан, Ливия, Мысыр, Йемен, Нигерия, Франция, Ресей және басқа да әлемдегі мемлекеттеріне аты тағылған әлем шулатқан қанды лаңкестік қимылдарды, әскери шабуылдарын, жарылысты және геноцидтік мінездегі іс-әрекеттерді өз мойнына алған¹.

ИШИМ-нің құрылуы: бұл ұйымның, топ болып қалыптасуына, алғаш құрылуына септігін тигізген, үлкен деңгейдегі ұйым «Аль-Каида» болған және негізін қалап құрған тұлға — халықаралық деңгейдегі террорист Абу Мусаба аз-Заркави. 2003 жылы Ирак елін окупациялау аяқталғаннан кейін иорданиялық Абу Мусаба аз-Заркави «Товхид және Джихад» салафиттік ұйым құрады және кейіннен сол ұйым «Аль-Каида» секілді үлкен күш қуаты бар лаңкестік ұйымнан мол қолдау алады. Кейінгі кездері өздерін Ирактік «Аль-Каида» деп те атап келеді.

«Аль-Каида» секілді қуатты ұйымнан бөлек Jaych-al-Fatiheen, Jeish al-Talifa al Manboursa, Katbiay Ansar al Tovhid val Sunnah, Jund al-Sahaba секілді майда террористтік топтарда қолдау көрсетеді. Барлық бұл топтардың түпкі идеясы Сирия және Ирак елінде салафиттік ұстаным жүргізу. Уақыт келе бұл идеология оңай жүзеге асады, себебі Ирак, Сирия елдерінің солтүстігінде халық құрамы суниттік арабтар, түркмендер, күрдтер сияқты тұрғындар осы ұйымға көмек көрсетті.

Халықтарға жаулап алған материалдық, ақшалай құндылықтармен бөлісе отырып, бұл ұйым халық арасында қолдауға ие болады. Осыған орай топ ары қарай өркендеп, аяғына нық тұрып, өзін ұйым ретінде сақтап қалдыⁱⁱ.

Бұл ұйымның табысы материалдық қамтамасыз етілуі мамандар арасында қызығушылық тудырады. Бұл ұйым өзін саяси және діни ұйым ретінде көрсеткенімен шын мәнінде қылмыстық топ функциясын атқарады және ұйымның бірден-бір табыс көзі бұл халықаралық қылмыстық іс-әрекеттер. Мысалы банктерді тонау, адам ұрлау арқылы ақша талап ету бөтеннің мүлкін иемдену және тағы басқа.

Қазіргі таңда ИШИМ құрамындағы әскери күш әлемнің төрт бұрышынан жиналған. Дәлірек айтсақ Шешеністан, Ауғанстан, Пәкістан Африка, Ливия, тіпті Европа және Азия елдері. Бұл адамдардың барлығының түпкілікті ойы сунниттік ағымдағы шариаттық мемлекет құру. Ресми емес ақпарат құралдарының пайымдауы бойынша ИШИМ әскерлерінің Сириядағы саны 7—8 мың болса ал Иракта 12 мыңнан асып түседі екен. Қару-жарақтармен қамтамасыз ету жайында тоқтала кетсек ИШИМ-дегі қолданыстағы қару бұл бұрынғы Америка базаларындағы қоймалардан тоналған және Сирия және Ирак мемлекеттерінің әскери қолданыста болған қару жарақтары болып табыладыⁱⁱⁱ.

Бұл ұйымның негізгі мақсаты ислами шариаттық мемлекет құру болғанымен, түпкілікті ойы өзге елдердің арасында беделге ие болу.

Қазіргі кезде беймәлім болып отырған сұрақ бұл ұйымға қандай мемлекет тарапынан қолдау көрсетуде. Еске алсақ Израиль бұл ұйымды мемлекет ретінде мойындауға дайын екендігін атап көрсеткен болатын. Тағы бір айта кететін жайт ИШИМ Ирактағы курдтық топтармен қақтығысқа түспеген және қазіргі кезде ИШИМ территориясындағы жапа шегіп жатқан азаматтар бұл түркмендер, христиандар және езидтер болып табылады. Ал курдтық ұйымдар ИШИМ-мен қарсы тұруға дайын екендігін, ол үшін барлық қару жарақ бар екендігін және ИШИМ-нен тәуелсіз екенін пайымдайды^{iv}.

Қорытындылай келе айтарым қазіргі таңда біз Ислам терроризмінің кең ауқымда таралуын, оның қанды зардаптарын күнделікті күнде көріп отырмыз. Және бұл мәселе, бүгінгі кезде үлкен бір ғаламдық проблемаға айналып бара жатқанына көз жеткіздік.

ⁱ Шойкин Ф. «Ислам терроризмге қарсы» форумын құру идеясы — заманауи қауіп-қатерлерге жаңа жауап. URL: <http://e-islam.kz/islam-zhane-qagam/item/7780-islam-terrorizmge-karsy-forumyn-k-ru-ideyasy-zamanaui-kauip-katerlerge-zha-a-zhauap> (дата обращения: 26.03.2017).

ⁱⁱ Илларионов С. И. Глобальная террористическая война. — М., 2006.

ⁱⁱⁱ Антонян Ю. М. Терроризм. Криминологическое и уголовно-правовое исследование. — М., 2001.

^{iv} Договор о коллективной безопасности (Ташкент, 15 мая 1992 г.) (с изм. и доп. от 10.12.2010 г.). URL: http://online.zakon.kz/document/?doc_id=1006954 (дата обращения: 26.03.2017).